

Ұлтаралық қарым-
қатынас әлеуметтік-
психологиялық
құбылыс ретінде



Жоспар:

1. Қарым-қатынас стильдері
2. Көшбасшылық және жетекшілік
3. Қарым-қатынастың перцептивті, коммуникативті және интерактивті жақтары
4. Ұлтаралық қарым-қатынастардың ерекшеліктері



Қарым-қатынас түрлері

Қоғамда адамдар арасындағы ең үлкен құбылыс бұл қарым-қатынас. Қарым-қатынас болмай адамдар бір-бірімен араласа алмайды. Ал қарым-қатынасты орнату үшін ең алдымен мәдениетті игеру керек. Қалай болса солай сөйлеу бұл өзара қатынасты бұзуға алып келеді. 1. Маскілі қарым-қатынастар – бір күннің ішінде бірнеше маска кию. Формалды қарым-қатынас, яғни мұнда маскілерді пайдаланып сұхбаттасушылардың тұлғалық ерекшелігін түсініп ескеруге талпынамыз (сыпайлық, қаталдық, тұйықтық). Шынайы сұхбаттасушыға деген сезімдерін, эмоцияларын қарым-қатынас барысында көрсетпейді. Мысалы, жағымпаздану, өз жұмысын істетіп алу мақсатында өтірік қошеметтеуді жатқызуға болады. 2. Формалды рөлдік қарым-қатынас – мұнда сұхбаттасушының тұлғасы мен әлеуметтік рөлі маңызды болып табылады. 3. Іскерлік қарым-қатынас – мұнда сұхбаттасушының іске деген тұлғалық ерекшелігі, мінезі, жасы, көңіл-күйі ескеріледі. Сонымен бірге оның іске деген қызығушылығы мәндік маңызды орын алады. 4. Достардың рухани және тұлғалық қарым-қатынасы – мұнда кез келген тақырыпқа әңгіме қозғауға болады, тек сөз арқылы ғана емес жест, мимика арқылы бірін-бірі жақсы түсінеді.




2. Көшбасшылық және жетекшілік

Көшбасшылық – бұл адамдарды өз-өзін белгілі бір мәнерде ұстауына мәжбүр ету арқылы олардың мінез-қылықтарына әсер ету үшін басқарушының қолданатын құралы.

Көшбасшы – бұл басқа адамдарды, олардың алғашқы ниеті қандай болғанына қарамастан, өзі қалаған нәрсені жасауға көндіре алатын адам болып табылады, сонымен қатар топтағы адамдардың қасиеттері мен қабілеттерін қолдана отырып, оларды көшбасшы мақсатын іске асыруға бағыттай алады. Көшбасшылықты әдетте ақыл, сауаттылық деңгейі, сенімділік пен әлеуметтік қатысу, әлеуметтік-экономикалық статус түсініктерімен байланыстырады [1].


Көшбасшы мен Басшы деген ұғымдардың мағынасы ажырата білу керек. Бұл адамның лауазымы. Жақсы басшы қызметкерлері орындаған жұмысты реттеп қабылдап отырады. Ол адамдарды жандандырады, мақсатқа жетуде болашақты көр қасиеті арқылы адамдарды ортақ мақсатқа бағыттайды



Жетекші-қоғамға, ұйымға немесе топқа ықпал етуге қабілетті тұлға. Халықтың немесе белгілі бір әлеуметтік топтың мақсат-мүддесін толық сезініп, қорғай білетін, бойына саяси қайраткерге лайықты қасиеттерді жия білген адам Лидер ретінде танылады. Лидер алға қойған мақсатқа жету үшін белгілі бір әлеуметтік ортада адамдардың күш-жігерін біріктіріп, іс-әрекетін қоғам мүддесіне сай жүргізеді. Лидерге алғырлық, ақылдылық, қажырлылық, ұйымдастырушылық, жұртқа жағымдылық, сондай-ақ өзіне жауапкершілік ала білу және іскерлік таныта білушілік, т.б. қасиеттер мен қабілеттер тән. Кез келген тарихи кезеңде, қоғамдық-саяси өмірде Лидер аса беделді тұлға ретінде танылады; Психологтар зерттеулерінде мектеп ұжымдарындағы лидерлердің бірнеше типі болатынын көрсетті: Бірінші тип — лидер жағдайға байланысты өзін танытады. Мысалы, оқушы сыныпта музыка викторинасын ұйымдастырып өткізді делік. Ол көптеген музыкалық шығармаларды біледі, домбыра, гитарада, фортопианода, аккордеонда ойнайды. Бұл жерде ол өзінің дарыны мен шеберлігін көрсетті. Ол лидер мақсаттарды жүзеге асыратын даму деп ұғынылады



3. Қарым-қатынастың перцептивті, коммуникативті және интерактивті жақтары




Перцептивтік қарым-қатынас — адамның парапар қабылдауы, оның ішкі дүниесіне бойлау, әрбір жеке сәтінде оның психикалық жағдайын сезіну дағдысы, оның тәртіп себебін түсіну дағдысы. Мұғалім өзінің перцептивтік қарым-қатынас қабілеттерін ұдайы дамытуы қажет. Қарым-қатынас барысында адамдардың танымдық хабарлармен, ақпаратпен, тәжірибемен, біліммен, дағдылармен алмасуы және өзара түсінісуі, бірін-бірі қабылдауы жүзеге асады. Қарым-қатынастың интерактивті, коммуникативті, перцептивті деген үш жағы және мезо, макро, микро, рухани, іскер, т.б. деңгейлері болады. Негізгі қызметі

- 1) ақпараттық-коммуникативтік (ақпарат алмасу және адамдардың бірін-бірі тануымен байланысты);
- 2) реттеуші-коммуникативтік (адамдардың іс-әрекетін реттеу және біріккен әрекетті ұйымдастыру);
- 3) аффективті-коммуникативтік (адамның эмоционалдық аясымен байланысты).

Қарым-қатынастың интерактивті жағы – адамаралық қарым-қатынастың, адамдардың бір-бірімен өрекеттесуімен байланысты аспектілерін белгілеуге арналған шартш термин. Қарым-қатынас барысында қатынасқа түсу үшін тек мәліметпен алмасып және өзара түсіністікке қол жеткізумен шектелу жеткіліксіз, өрекеттермен алмасу, ортақ іс өрекетті жоспарлап, бірлескен өрекетгердің формалары мен нормаларын қалыптастыру да маңызды.


Қарым-қатынастың осы жағын сипаттағанда жеке адамаралық қарым-қатынастың түрлерін талдау мен қарым-қатынасқа түсушілердің өрекеттесудің қай түрін тандауға итермелейтін мотивтерін де қарастыру керек.



4. Ұлтаралық қатынастар ерекшелігі

Әлемдік психологиялық ғылымда қазірге дейін «топаралық» және «ұлтаралық қарым қатынас», «топаралық» және «ұлтаралық тәрбие», «топаралық» және «ұлтаралық өзара әрекеттестік» түсініктерінің термині нақты емес. Оның жалғасы ретінде, қазіргі әлеуметтік және ұлттық психология түсініктері тең дәрежеде жиі қолданылады.

Ұлтаралық қарым-қатынаста әлеуметтік-психологиялық өзектілік ретінде көрсете отырып, басты қажеті ұлтаралық қарым-қатынас аймағындағы психологиялық зерттеудің пәнін анықтау қажет. Ұлтаралық қарым-қатынастағы әлеуметтік-психологиялық принциптік ерекшелігі әлеуметтік этникалық проблеманы қазіргі психологияда көңіл аударудың ортасы ұлтаралық процестер және әртүрлі байланыс, қоғамдық қарым-қатынас емес, ішкі көрініс және осы процесстерді тұлғаның қабылдауы, ұлттық этникалық топтың мүшесі ретінде когнитивті эмоциялық орта, этносаралық қарым-қатынастың дамуына шынайы белгіленеді. Қарым-қатынас адамдардың бір-бірімен байланысы,оның барысында психикалық байланыс пайда болады,ол ақпарат алмасу,өзара әсер ету,өзара көңіл білдіру.



Назарыңызға рахмет!

